

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Әкімшілік құқық және ІО-ның әкімшілік қызметі кафедрасы

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ОРГАНДАРЫ» курсы бойынша
ДӘРІС

ТАҚЫРЫБЫ: Қазақстан Республикасында экономикалық қауіпсіздікті
қамтамасыз етуші және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін
органдар

ӘҚ ж. ІО-ның ӘҚ кафедрасы
ПӘС мәжілісінде
тақыланып, мақұлданған.
2016ж. №_____ хаттама

Дайындаған:
ӘҚ және ІО ӘҚ
кафедрасының
профессоры,
полиция полковнигі
Е.Е. Серімов

ҚАРАҒАНДЫ

Дәрісті оқу мақсаты: Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыскерлікпен күресті жүргізудің мақсаты мен міндеттері туралы айтып өту. Қазақстан Республикасында Экономикалық тергеу қызметі органдарының қалыптасу тарихы мен мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнына тоқталу. Экономикалық тергеу қызметі органдары қызметінің құқықтық реттелуі туралы түсінік беру. Экономикалық тергеу қызметі органдарының түсінігі, олардың жүйесі мен құрылымы туралы айту. Экономикалық тергеу қызметі органдарының негізгі міндеттері мен құқықтары туралы ақпарат беру. Олардың атқаратын өкілеттіктері мен қызметінің негізгі бағыттарын айқындау. Экономикалық тергеу қызметі органдары қызметкерлерінің құқықтық мәртебесіне тоқталу.

Дидактикалық: ғылыми-теориялық тұрғыдан тыңдаушыларда экономикалық тергеу қызметі органдарының түсінігі мен олардың қызметі туралы білімді қалыптастыру.

Әдістемелік: тақырыптың мән-мағынасын талдау арқылы ашу; оқу материалын жан-жақты меңгеруін жоғарлату мақсатында жалпыфилософиялық, жалпығылымдық, арнайы әдістерді методикалық қолдану.

Тәрбиелік: тыңдаушылардың кәсіби ойлау жүйесін және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды заңға сәйкес мінез-құлыққа дағдыландырып, заңдарды сақтау мен құрметтеуге тәрбиелеу.

Дәріс сабағында қарастырылуға жататын сұрақтар:

1. ҚР экономикалық тергеу қызметі органдарының қалыптасуы мен даму тарихы.
2. Экономикалық тергеу қызметі органдарының түсінігі және қызметінің негізгі функциялары
3. Экономикалық тергеу қызметі органдарының сыбайлас жемқорлық қылмыстарды ашуағы және Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролі.

Уақыттарды үйлестіру. Дәріс өткізудің әдісі мен тәртібі:

Ұйымдастырушылық кезең.

Тыңдаушылардың дәріске дайындығын тексеру – 1 мин.

Кіріспе бөлім – 2 мин.

Оқу сұрақтарын, дәрістің жоспарын, тақырыбын анықтау.

Негізгі бөлім – 45 мин. Дәріс материалдарын мазмұндау.

1-ші сұрақ бойынша – 15 мин.

2-ші сұрақ бойынша – 15 мин.

3-ші сұрақ бойынша – 15 мин.

Қорытынды бөлім – 2 мин.

Бүкіл тақырыпты қорытындылай келе, тыңдаушыларға өзіндік дайындық пен келесі тақырыпқа дайындыққа тапсырмалар беру.

Материалдық техникалық қамтамасыз етілуі:

- 1) Құқыққорғау органдары пәні бойынша сызба-кестелер;

- 2) оқу құралдары;
- 3) құқықтық-нормативтік кесімдер.

Ұсынылатын әдебиеттер:
Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз.
2. ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы. 2011 ж. 6 қаңтар
3. Құқықорғау органдары. Заң актілерінің жиынтығы. Алматы. Юрист, 2009 ж.
4. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы 1948 ж. 10 желтоқсан.
5. Қазақстан Республикасының «Экономикалық тергеу қызметі органдары туралы» Заңы. – 2002 ж. 4 шілде.
6. ҚР Президентінің «ҚР құқықорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы //Егемен Қазақстан, 18 тамыз 2010 жыл.//.
7. ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы. 1999 ж. 23 шілде.
8. ҚР «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңы. – 1994 ж. 15 қыркүйек.
9. Қазақстан Республикасының «Нормативтік-құқықтық актілері туралы» Заңы 1998 ж. 24 наурыз.

Оқу құралдары:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050 стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 15 желтоқсан 2012 жыл.
2. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» //Егемен Қазақстан. 28 қаңтар 2012 ж.//
3. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» // Егемен Қазақстан, 30 қаңтар 2011 ж.//
4. 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы (ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы жарлығымен бекітілген) // Егемен Қазақстан, 28 тамыз 2009 жыл.
5. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы. Учебно-методическое пособие. Алматы, 2000 г.
6. Самалдыков М.К. Правоохранительные органы Республики Казахстан. - Алматы, 1996.
7. Сулейменова Г.Ж., Тусупбеков Р.Т. Правоохранительные органы Республики Казахстан. Курс лекций в схемах. – Алматы, - Караганды: ТОО «Арқо», 2003.
8. Жүрсімбаев С.К. ҚО құқық қорғау органдары. – Алматы: NURPRESS. – 2010.

Жоспар:

Кіріспе

1. Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдардың ұғымы, жүйесі мен міндеттері.

2. Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдары қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі.

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе сөз

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу мен тергеу бойынша басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте-салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар атқарады. Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдар: сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі; кеден органдары; салық органдары; қажетіне қарай: ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ұлттық банк, Ұлттық экономика министрлігі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі - құқық қорғау органы болып табылады. Бұл орган өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының кеден органдары - өз құзыреті шегінде ҚР-нда кеден саясатын іске асыруға қатысатын және кеден ісін, ҚР-ның жедел-ізвестіру қызметі туралы [заңдарына](#) сәйкес жедел іздестіру қызметін тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ ҚР-ның [заң актілерінде](#) көзделген өзге де өкілеттіктерді атқаратын мемлекеттік органдар

1. Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдардың ұғымы, жүйесі мен міндеттері

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу мен тергеу бойынша басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте-салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган атқарады.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы осы саладағы қылмыстармен айналысады. Ұлттық бюро құқық қорғау органы болып табылады. Ұлттық бюро өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Бұл органдардың мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгіде бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес бланкілерде шоттары болады. Ұлттық бюро азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі. Ұлттық бюротің егер оған заңнамаға сәйкес осындай уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы болуға құқығы бар. Ұлттық бюро өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады. Ұлттық бюро штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Ұлттық бюротің толық атауы – «Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы» мемлекеттік орган. Ұлттық бюро қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады. Ұлттық бюротің функциялары болып табылатын міндеттерді

орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге Ұлттық бюроке тыйым салынады.

Егер Ұлттық бюроке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдардың негізгі міндеттері:

1) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша, сондай-ақ салықтарды, кеден алымдарын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруға, заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражаттарды немесе өзге де мүлікті заңдастыруға (тазартуға) байланысты экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының тиімді іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

3) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтар жасаған немесе соларды жасағанына күдікті адамдарды іздестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетке келтірілген зиянды өтеуге шаралар қабылдау;

4) республикадағы жедел жағдайды талдау және болжау, экономика және қаржы қызметі саласында заңдылықты нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу әрі экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының кірісуін талап ететін мәселелер бойынша жедел әрекет шараларын қабылдау;

5) экономикалық және қаржылық қылмысқа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-іздестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындауға қатысу;

6) өз құзыретінің мәселелері бойынша жалпы республикалық және аймақтық жедел-іздестіру мен алдын алу іс-шараларын үйлестіру және жүргізу, қолда бар күш пен құралдарды қолдану жөнінде оңтайлы шешімдер

әзірлеу, бағынышты органдар мен бөлімшелерге практикалық және әдістемелік көмек көрсету, оң жұмыс тәжірибесін қорыту және тарату;

7) қаржы органдары қызметшісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының салық және кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

8) өз құзыреті шегінде экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдары құрылымын жетілдіру, оңтайландыру, экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің өз арасындағы және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу;

9) өз құзыреті шегінде экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының қызметін материалдық-техникалық қаржылық және кадрлық, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз ету;

10) ведомствоға қарасты ұйымдарға, оның ішінде оқу орындарына жалпы басшылықты жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық бюроға жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

2. Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдары жүйесіне жалпы басшылықты, олармен жедел басқару жүйесінің іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

2) экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдары қызметінің басым бағыттарын айқындайды, оларды іске асырудың құқықтық ұйымдық және экономикалық тетіктерін әзірлейді;

3) экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарына жүктелген міндеттерді іске асырады, оларды төмен тұрған экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының атқаруын бақылайды,

мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін әлсірететін факторларды жоюға бағытталған шараларды жүзеге асырады;

4) жедел жағдайдың жай-күйі мен болжамын ескере отырып, экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдары қызметінің тиімділігін зерделейді және осы қызметті жетілдіру жөнінде шаралар әзірлейді;

5) стратегиялық жоспарларды әзірлеуге қатысады, іс-шаралардың тактикалық жоспарларын, сондай-ақ өзіне бағынышты органдар мен бөлімшелердің, оның ішінде құрылымдық бөлімшелердің, қызметін реттейтін кесімдер әзірлейді;

6) экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының және оның барлық буынының құрылымын әзірлейді, өз құзыреті шегінде оны жетілдіреді;

7) экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының кадрларын іріктейді, орналастыруды, оқытуды және тәрбиелеуді ұйымдастырады әрі ведомствоға қарасты оқу орындары қызметін қамтамасыз етеді;

8) экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдары қызметінің көкейтесті бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірленім жүргізуді ұйымдастырады;

9) жедел-іздістіру қызметін, заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражаттар мен өзге де мүлікті заңдастыруға (тазартуға) қарсы күресті жүзеге асырады, сондай-ақ көрсетілген қызметті Ұлттық бюро аумақтық органдарының жүзеге асыруын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және бақылайды, оларға практикалық әрі әдістемелік көмек көрсетеді;

10) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мәселелері бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл жасасады, халықаралық ұйымдар қызметіне қатысады;

11) бөлінген материалдық ресурстардың және бюджеттік қаржының мақсатты да тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, олар бойынша есеп жүргізу мен есептілікті, сондай-ақ экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ведомствалық бақылауды жүзеге асырады;

12) республикадағы экономикалық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны нығайту жөнінде экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдары қабылдап жатқан шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мүдделі мемлекеттік органдарды хабардар етеді;

13) экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарын ұйымдық-штаттық, кадрлық және материалдық-техникалық нығайту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

14) заңнамамен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдар қызметкерлерінің өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарға құқығы бар:

1) заңды немесе жеке тұлғаларға орындауы үшін міндетті нұсқама беру;

2) салықтар төлеуден жалтаруға байланысты қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті негіздер болған ретте, салық органының нұсқамасы негізінде салық органымен бірлесіп салық тексерістерін жүргізу;

3) мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат сұрату және алу;

4) меншік нысанына қарамастан ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жеке адамдардан заңнама бұзушылықты жоюды талап ету және оның орындалуын бақылау;

5) жедел-іздігі қызметін, анықтауды және алдын ала тергеуді жүзеге асыру;

6) ғылыми-зерттеу, оқыту, баспа қызметін жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің басқа құқық қорғау органдарымен бірлескен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

8) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамамен көзделген басқа да шаралар қабылдау;

9) ведомствоға қарасты ұйымдарды, оның ішінде оқу орындарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша Үкіметке ұсыныстар енгізу;

10) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мәселелері және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес қызметі органдарының қызметіне қатысты өзге де мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін әзірлеуге қатысу;

11) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мәселелері бойынша халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасын білдіру, халықаралық келісімдер жасасу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

1-сұрақ бойынша қорытынды: Сонымен Қазақстан Республикасы экономикасын нарықтық қатынастарға негіздеп реформалағаннан кейін, сәйкесінше ол қатынастарды ретке келтіріп отыратын механизм қажет болды. Бұл жұмысты іске асыруда бірден-бір маңызды нәрсе экономикалық қылмыстармен күресу еді. Осыған орай Қазақстан Республикасында Экономикалық тергеу қызметі органдары құрылып, осы күнге дейін қызмет атқарып келеді.

2. Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдары қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі.

Қазақстан Республикасының экономикалық тергеу қызметі органдары заңмен белгіленген өкілеттіктері шегінде жедел-ізвестіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау, әкімшілік іс жүргізу арқылы экономика мен қаржы қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мелекет мүдделеріне қылмыстық және құқыққа қайшы өзге де қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар болып табылады.

Қазақстан Республикасы экономикалық тергеу қызметі органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Экономикалық тергеу қызметі органдары туралы» Заңы және өзге де нормативтік-құқықтық актілер құрайды.

Экономикалық тергеу қызметі органдары мемлекетте мынадай маңызды мәселелер бойынша өз функцияларын жүзеге асырады:

1. Өз өкілеттігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етеді;

2. Экономикалық қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушіліктердің алды алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеуді жүзеге асырады;

3. Экономика саласындағы сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес ісінде мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

4. Өз қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүргізеді.

Қазақстан Республикасының экономикалық тергеу қызметі органдарының басты мақсаты – елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау және тергеу болып табылады.

Экономикалық тергеу қызметі органдары қызметінің қағидалары заңда бекітілген. Олар: заңдылық, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қадыр-қасиетін құрметтеу және сақтау, экономикалық тергеу қызметі органдары жүйесінің бірлігі, жұмыстың жария және жасырын нысандарын ұштастыру және дара басшылық, құқық қорғау және бақа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының арнайы заңмен бекітілген бірыңғай орталықтанған жүйесі бар. Төмегі тұрған бөлімшелері жоғары тұрғандарына бағынышты болады. Экономикалық тергеу қызметінің органдарының жүйесіне орталық мемлекеттік орган – уәкілетті орган, аудандық және мамандандырылған экономикалық тергеу қызметі органдары, оқу орындары және өзге де ведомстволық бағыныстағы мекемелер кіреді. Экономикалық тергеу қызметінің аумақтық және мамандандырылған органдары тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде уәкілетті органның функциясын жүзеге асыра алады.

Уәкілетті орган экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық және рұқсат етушілік функцияларды жүзеге асыратын орган болып табылады.

Уәкілетті орган экономикалық тергеу қызметі органдары мен ведомстволық бағыныстағы мекемелер қызметінің негізгі бағыттары бойынша іс-қимылына басшылықты жүзеге асырады, үйлесімді және келісімде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Экономикалық тергеу қызметі органдарының өз құзыретін жүзеге асыруы барысындағы түрлі жедел-ізвестіру, әкімшілік, тергеу және анықтау қызметінің практикасына талдау жасап отырады. Уәкілетті орган экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқықбұзушылықтармен күрестің нысандары

мен әдістерін жетілдіріп отыруы тиіс. Жедело-ізвестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын белгілеп отырады. Экономикалық тергеу қызметі органдары мемлекетте өз міндеттерін дұрыс орындауы үшін қызметінің тиімділігін арттырып отыруы тиіс. Осыған байланысты шараларды да аталмыш уәкілетті орган әзірлеп, жүзеге асырып отырады.

Уәкілетті орган құзырына экономикалық тергеу қызметі органдарының бөлімшелерінің жұмысына бақылау жасау да кіреді. Сонымен қатар экономикалық тергеу қызметі органдары басқа да мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылдар жасап отырады. Бұл экономикалық тергеу қызметі органының алдында тұрған міндетті шешу немесе басқа бір органнан келіп түскен тапсырма не сұрау бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Осындай басқа мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасты экономикалық тергеу қызметі органдарының атынан уәкілетті орган жүргізеді. Бұл жерде тек мемлекеттік қана емес, шет мемлекеттердің тиісті органдарымен бірігіп іс-қимыл жасауы мүмкін, Өз құзыретіне жатқызылған істер бойынша халықаралық ұйымдар қызметіне де қатысады.

Экономикалық тергеу қызметі органдарында арнайы даярланған мамандар қызмет атқарады. Олар үнемі біліктілігін арттырып отыруы тиіс. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде экономикалық тергеу қызметі органдарының мамандарын даярлау мен кадрларының біліктілігін арттыру бойынша шараларды да ұйымдастырады.

Уәкілетті орган жалпы экономикалық тергеу қызметі органдары қызметінің басым бағыттарын белгілеп, оларды іске асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық жағдайларын реттейді.

Уәкілетті органның заңмен берілген өкілеттігі шегінде нормативтік-құқықтық актілер шығаруға құқығы бар. Бұл актілердің міндетті күші болады.

Уәкілетті органды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметке тағайындалатын басшы басқарады, дәл осындай тәртіппен тағайындалатын орынбасарлары болады. Басшы уәкілетті органға

басшылықты жүзеге асырады және оның қызметі үшін дербес жауап береді. Оның барлық шешімдерді өзінің дербес қабылдауға деген құқығы бар. Барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда уәкілетті орган атынан өкілдік етеді.

Уәкілетті орган басшысы экономикалық тергеу қызметі органдары бөлімшелерінің, оқу орындарының және ведомстволық бағыныстағы басқа мекемелердің басшыларын қызметке тағайындайды. Олардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Оның шығарған бұйрықтары мен берген нұсқаулары міндеті түрде орындалуы тиіс.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының жалпы міндеттеріне тоқталып өтейік:

1. Жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы мәлімдемелер, хабарламаларды қабылдап, тіркеу және қарау, қылмыстардың жолын кесу және ашу;

2. Анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыру;

3. Әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтап, жолын кесу;

4. Жедел-ізвестіру шараларын жүргізу, өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша жедел-ізвестіру шараларын жүргізу туралы тергеушінің жазбаша тапсырмалары, прокурор нұсқауларын, сот қаулыларын орындау;

5. Өз қарауына жатқызылған қылмыстық істер және әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі істер бойынша адамдарды және соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесіне орай талап қоюлар бойынша жүрген жері белгісіз жауапкерлерді іздестіру;

6. Экономикалық құқықбұзушылықтан келген мүліктік зиянның өтелуі үшін шаралар қолдану;

7. Экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар алдын алу;

8. Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды қорғауға байланысты шараларды атқару;

9. Құпияларды сақтау;

Қызметкерлері азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда экономикалық тергеу қызметі органдары бұзылған құқықтық қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуге, кінәлі адамдарды жауапқа тартуды қамтамасыз етуі тиіс.

Уәкілетті органның, оның бөлімшелерінің, сондай-ақ бағынышты мекемелердің қызметіне қатысты негізгі мәселелерді қарау үшін уәкілетті органның басшылығы жанынан алқа құрылады, ол консультативті-кеңесші орган болып табылады.

2-сұрақ бойынша қорытынды: Экономикалық тергеу қызметі органдары бір орталыққа бағынған тұтас жүйені құрайды. Экономикалық тергеу қызметі органдарының ішінде орталық орынды уәкілетті орган алады. Ол жалпы экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Экономикалық тергеу қызметі органдарының заңмен көзделген міндеттері мен құқықтары бар.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының экономикалық тергеу қызметі органдары экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресте бірден-бір маңызды орган болып отыр. Ол өзі құрылғаннан бергі уақыт аралығында елімізде жоғарыда аталған қылмыс түрлерімен күресте біраз нәтижелерге қол жеткізді.

Экономикалық тергеу қызметі органдары өз қызметінің нәтижелерін үнемі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялап, істеліп отырған жұмыстар туралы халықты ақпараттандырып отырады. Бұл бірінші кезекте олардың қызметінің нәтижелерін білдірсе, екінші жағынан профилактикалық маңызы да зор.

Дегенмен қазіргі таңда экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметіне кейде теріс пікірлер білдіріп жататындар да бар. Бұған біздің елде кейінгі уақыттарда болған біраз жағдайлар дәлел. Сонымен қатар

экономикалық тергеу қызметі органдары қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қатаңдандыру қажет деп санайтындар да бар.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының өз қызметінде басқа құқық қорғау органдарының қызметіне де сүйеніп отыруына тура келеді. Сонда ғана Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі нығая түспек.

Экономикалық тергеу қызметі органдары құқық қорғау органы ретінде өзіне берілген арнайы міндеттері орындайды. Экономикалық тергеу қызметі органдарының негізгі қызметі экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу деп көрсеттік. Осы міндеттерін орындауда экономикалық тергеу қызметі органдарына белгілі бір әрекеттерді жасау құқығы берілген.

Экономикалық тергеу қызметі органдары өз міндеттерін орындау барысында жалпы және арнайы жедел-ізвестіру шараларын жүргізе алады. Қажет болған жағдайда іс жүргізуде жатқан материалдар не болмаса қылмыстық істер бойынша құжаттарды т.б. мәліметтерге қол жеткізе алады. Бұл мәліметтерді ұйымдардың басшыларынан, басқа лауазымды адамдардан, жеке тұлғалардан да беруін талап ете алады. Іс жүргізуде жатқан қылмыстық істер бойынша шақыру бойынша келуден жалтарған адамдарды күштеп әкеле алады.

Заңмен көзделген реттерде құжаттарды, тауарларды, заттарды, басқа да мүлікті алып қоюға немесе арасынан алуды жүргізуге құқығы бар. Қажет болған жағдайда уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалана алады. Бұған қоса ұсталған немесе қамауға алынған адамдарды күзетпен алып жүру құқығы да берілген.

Өздерінің қарауына жатқызылған істер бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдары не болмаса халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас орнатып отырады.

Экономикалық тергеу қызметі органдары Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңдарында көзделген шараларды атқара алады.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының уәкілетті органдар және лауазымды адамдардан ревизиялар, тексерістер т.б. жүргізуді талап етуі мүмкін. Өз міндеттерін шешу үшін қажетті ақпараттық жүйелер құрып, пайдалану, сонымен қатар істер бойынша зертеулер, басқа да ғылыми-зерттеу, оқыту, баспа қызметтерін жүргізуге құқығы бар.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының жеке және заңды тұлғаларға қылмыстар, құқықбұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы нұсқаулары мен ұсынымдары орындалуы міндетті.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлері заңдарда көзделген тәртіппен қару, оқ-дәрі, арнайы құралдарды сақтауға, алып жүріп, қолдануға, қажет болған кезде білек күшін қолдана алады.

Бұл үшін экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлеріне арнайы құралдарды, білек күшін пайдалануға рұқсат берілген. Экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлері:

1) Азаматтарға, экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлеріне және елдің экономикалық қауіпсіздігін қорғау және қылмысқа қарсы күрес жөнінде қызметтік немесе азаматтық борышын өтеу өзге де адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

2) Құқықбұзушылықтардың жолын кесу және құқықбұзушыларды қарсылық көрсеткен жағдайда немесе айналасына зиян тигізуі мүмкін болса құқық қорғау органының мекемесіне жеткізу;

3) Ұсталғандарды, қамауға алынған адамдарды егер олар айналасындағыларға зиян келтіретін әрекеттер жасаса, оларды күзетпен алып жүрген кезде;

4) Өзге де қажетті қорғаныс, аса қажеттілік жағдайларында білек күшін, күрестің жауынгерлік тәсілдерін, арнайы құралдарды қолдануға құқылы болып табылады.

Бұған қоса экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлері қару қолдануға құқылы. Бұған мынадай жағдайларда жол беріледі:

1. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнгенде, оларды қорғау үшін;

2. Экономикалық тергеу қызметі органдар қызметкерлеріне, олардың отбасына т.б. шабуыл жасаған жағдайда тойтару үшін;

3. Қарулы қарсылық көрсеткен, қылмыс жасаған, қамаудан қашқан адамдарды, қарулы адамдарды ұстау үшін;

4. Егер жүрізуші адам мен азаматың өміріне қауіп төндірсе, көлікті зақымдап тоқтату үшін;

5. Хайуанаттар шабуыл жасаған жағдайда қорғану үшін;

6. Қару қолдану ниеті туралы ескерту, көмекке шақыру болған кезде;

7. Өзге де қажетті қорғаныс, аса қажеттілік жағдайларында қолданылады.

Қаржы полициясы органының қызметкері қару қолданған жағдайда айналасындағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі және жараланғандарға шұғыл медициналық көмек көрсету шараларын ұйымдастыруы тиіс. Бұған қоса қару қолданғаны туралы тікелей бастығына хабарлайды. Егер қару қолдану нәтижесінде қандай да бір ауыр зардаптар туындаса, прокурорды хабардар етуі тиіс.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметінде немесе кадр есебінде тұрған, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнайы атақ берілген Қазақстан Республикасының азаматы экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкері болып табылады.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметіне жасы он сегізге толған, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, білім деңгейі мен

денсаулық жағдайы бойынша экономикалық тергеу қызметі органдарында қызмет өткеруге жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Ал экономикалық тергеу қызметі органдарының оқу орындарына қабылдану үшін жасы он алтыға толған және орта білімі болуы қажет.

Жоғарыда айтылған төменгі жас көлемімен бірге экономикалық тергеу қызметі органдарында қызмет етудің жоғары жас көлемі де көрсетілген. Қызметке жасы қырықтан аспаған, ал қатардағы және кіші басшы құрам қызметтеріне жасы отыз екіден аспаған азаматтар қабылдана алады.

Экономикалық тергеу қызметі органдарында қызмет өткерумен байланысты шектеулер де қойылады. Қызметкерлерге саяси партияларға, кәсіптік одақтарға мүше болуға, саяси партияны қолдауға не болмаса ереуілдер ұйымдастырып, оларға қатысуға, оқытушылық, ғылыми, өзге де шығармашылық жұмыстардан басқа ақы төлеетін қызметтермен айналысуға, коммерциялық ұйымның басшылық қызметіне тағайындалуға болмайды.

Экономикалық тергеу қызметі органдары қызметкерінің құқықтық мәртебесі мемлекет қорғауында болады. Оның заңды талаптары барлық адамдардың және лауазымды адамдарының міндетті орындауына жатады. Егер қойылған талаптар орындалмаса не болмаса қызметкерді қорлап, оған қарсылық көрсету, жеке басы, отбасы т.б. заңға қарсы қол сұғу орын алған жағдайда заңмен жауапкершілікке тартылады.

Экономикалық тергеу қызметі органдары мемлекете экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші бірден-бір маңызды орган болғандықтан, олардың қызметкерлерінің қызметіне арнайы уәкілетті берілген тұлғалардан басқа ешкім араласа алмайды. Кез-келген заңсыз араласу заңды жауапкершілікке алып келеді. Экономикалық тергеу қызметі органдары қызметкерінің өзіне қатысты қабылданға шешім немесе әрекеттерге қатысты жоғары тұрған лауазымды адамға не сотқа шағымдана алады.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкері қылмыс туралы мәлімет түскенде т.б. жағдайларда қылмыстың жолын кесу үшін барлық өзіне берілген құқықтарды пайдалана отырып әрекет етуі керек және қажет кезінде жақын маңдағы экономикалық тергеу қызметі органдарының бөлімшесіне хабарлауы тиіс.

Қазақстан Республикасы экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлері мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғалады. Олар мемлекеттік бюджет есебінен ақы төленеді. Олардың қаржысы лауазымдық еңбекақыдан және арнайы атағы үшін төленетін қосымша ақыдан тұрады. Экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету, еңбек сіңірген жылдарын есептеу, асыраушысынан айрылған немесе мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу мәселелері ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Экономикалық тергеу қызметі органдары туралы заңда экономикалық тергеу қызметі органдары қызметкерлерінің өз қызметтік борыштары өтеу кезінде қаза болуы немесе жаралануына байланысты өзіне немесе отбасына бюджет есебінен біржолғы төлемақы төленетіні айтылған.

Экономикалық тергеу қызметі органдары қызметкерлері ішінде арнайы экономикалық тергеу қызметі оқу орындарының тыңдаушыларының да құқықтық мәртебесі заңда көзделген. Экономикалық тергеу қызметі оқу орындарының тыңдаушылары тегін білім алады, мемлекет тарапынан киім-кешек т.б. қамтамасыз етіледі. Олар экономикалық тергеу қызметі органдарында арнайы есепте тұрады.

Экономикалық тергеу қызметі органдарының оқу орындарының күндізгі бөлімін бітіргендер экономикалық тергеу қызметі органдарында кем дегенде бес жыл жұмыс істеуге міндетті. Бұндай міндетті өтеуден бас тартқан тұлға өзін оқытуға кеткен қаржыны төлеуі керек.

Қортындыласақ, сонымен экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлері арнайы лауазымды тұлғалар ретінде мемлекет қорғауында болады. Олардың әлеуметтік қорғалуы, еңбекақы төлеу реті заңмен реттеледі. Экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлері өз міндеттерін атқару барысында қажет болған жағдайда білек күшін, арнайы құралдар мен қаруларды қолдануға құқылы болып табылады.

Қорытынды

Сонымен Қазақстан Республикасында экономикалық тергеу қызметі органдарының қалыптасуы мен дамуының алғышарттары мен кезеңдері болған. Қазақстанда экономикалық тергеу қызметі органдарының пайда болуына тәуелсіз елдің өзінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресуге деген қажеттілік әсер етті. Алғашқы кезде салық комитетінің қызметінің қызметінің нысаны ретінде пайда болып, кейін экономикалық тергеу қызметі Ұлттық бюросы, кейіннен Қазақстан Республикасы экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес Ұлттық бюросы ретінде құрылды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес Ұлттық бюросы дербес, тек президентке ғана бағынып, есеп беретін орган болып табылады. Бұл оның жұмысының объективтілігін және жұмысына ешкімнің не ешқандай органның араласа алмауын қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасында экономикалық тергеу қызметі органдары бірыңғай жүйені құрайды, онда төменгі тұрған органдар жоғарғысына бағынысты болады. Ең негізгі орталық орынды уәкілетті орган алады. Ол барлық экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Экономикалық тергеу қызметі органдары өздеріне заңмен берілген өкілеттіктерді атқарып, белгілі бір міндеттерді орындайды. Олардың басты міндеті Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыспен күресу болып табылады. Осыған сәйкес олар өздеріне заңмен барлық құқықтарды және шараларды қолдануға құқылы болып табылады. Экономикалық тергеу қызметі органдары бүгінгі күні Қазақстан Республикасында экономикалық қылмыстармен күресуде маңызды орын алып отыр. Экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкерлері арнайы мемлекеттің қорғауында болады.